

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**Жанды және жансыз табиғат**ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.04.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/71484/>

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Әлеумет

Бөлімі: Экология негіздері.

Тақырыбы: «Табиғат-біздің досымыз».

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың табиғат туралы білімін бекіту.

Дамытушылық: Тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрнекілік ,тәжірбиелік.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, үлестірмелі құралдар,су,фасоль,тас,мақта.

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық қозғаушылық Шаттық шеңбері.

Құтты қонақ келіпті,

Төріме міне еніпті.

Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой.

Ал, кәнекей бәріміз,

Сәлем дейік үлкенге.

Сәлеметсіздерме қонақтар!

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі ағылшынша қалай айтылады?

Күз мезгілінде неше ай бар?

-Бүгін аптаның қай күні?

-Ал ағылшынша қалай айтамыз?

-Тамаша!Балалар.Өте жақсы! -балалар қимылмен айтады

— Қазыр күз мезгілі

— -Күз мезгілінде 3 ай бар. Олар:қыркүйек, қазан, қараша

— сәрсенбі

— Ұйымдастырушылық-ізденістік

Рефлексивті түзетушілік Балалар таңертең ұйқыдан тұрғанда кімді көресіңдер?

— Әке, ана ата, әже

— Далада, балабақшаға келе жатқанда нені көресіңдер?

— Аспан, бұлт, машина, ит, ағаш, мысық, жер, қар).

— Балалар қалай ойласыңдар, күн, су, ауа керек пе?

— Ия, күн, су, ауа бізге керек.

— Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз?

-Табиғат қандай болады?

-өлі табиғатқа не жатады?

-Тірі табиғатқа не жатады?

-Неге біз тірі табиғат деп айтамыз?

-Мен бір конверт тауып алдым,

-Мұнда не жазылған екен оқып көрейік.

«Сәлеметсіздерме?Құрметті «Ақ бота» балабақшасының балалары.Мен Табиғат-Анамын.Сендер мен туралы көп оқиды деп ойлаймын.Менің сендерге арнайы беріп жіберген тапсырмаларым бар.Сендер тапсырмаларды жақсы орындасаңдар менің сендерге сыйлығым бар.»

-Ендеше, балалар біз «Табиғат-Ананың» тапсырмасын орындайық. Тапсырманың барлығын дұрыс орындап шықсақ, Табиғат-Ананың бізге дайындаған сыйлығын ала аламыз.

1-Тапсырма

«Не артық»(суреттер ілініп тұрады,табиғатқа жатпайтын затты алып тастайды ж/е түсіндіреді неге екенін)

2-тапсырма:Үлестірмелі карточкамен жұмыс.Өлі табиғатты сары түске,тірі табиғатты жасыл түске топтастырамыз.

Қимылды ойын «Тірі және өлі табиғат»

(тірі табиғат болса жүреді, өлі табиғатты айтса тоқтайды, табиғатқа жатпайтын нәрсені айтса отырады)

3-тапсырма. Экологиялық бағдаршам(суретте жақсы қылық болса жасыл түсті көтересіңдер, жаман қылық болса қызылды көтересіңдер)

4-тапсырма

Эксперимент.

Фасоль мен тас. Олардың қайсысы тірі және өліге жатады? Оны дәлелдеп көрейік. Өздеріңнің стақандарыңа түбіне кішкене мақта салыңдар,үстіне фасоль, ал қасына тас, кішкене су құйыңдар. Қалай ойлайсыңдар не болады? Әр бала өзінің стақанында не болатынын байқайды. 2 аптадан кейін тексереміз.

-Барлық кезеңнен откен сияқтымыз,енді табиғат анамыздың сыйлығын ашып көрейік.

-Балалар бұл не?

-Иә, табиғат анамыз бізге тәтті алма сыйлапты.

-Балалар, келіңдер шеңберге тұрайық.

-Бүгінгі сабақтан алған әсерімізді, білімізді мына шеңберге бекітейік.

1. Табиғатқа не жатады?

2. Табиғат қандай болады?

3.Өлі табиғатқа не жатады?

4.Тірі табиғатқа не жатады?

5.Қандай тапсырма ерекше ұнады?

6.Кім бізге хат жіберді?

7.Экспериментте не қолдандық?

8.Тірі табиғат не істейді?

9.Құстар табиғаттың қай түріне жатады?

10.Табиғатқа не жатпайды?

-Балалар, қараңдаршы не пайда болды?

-иә, бәріміз осы гүлдей жайнап жүре берейік.

-Қонақтармен қоштасайық.

-Сау болыңыздар!!! -суретте табиғат бейнеленген

табиғат ол-су, жер,ауа ж/е т.б.

-Тірі және өлі табиғат

-су,жер,тас,аспан,ай,күн,тау

-балық,жәндіктер,аң,құс,өсімдік,адам

-дем алады,өседі, көбейеді,тамақтанады,өледі

-иә

-хатты мұқият тыңдайды

-тапсырманы орындайды

-тапсырманы орындайды

-тапсырманы орындайды

-тапсырманы орындайды

-алма

-шеңберге тұрады

-балалардың жауабы

(күн,су,ағаш,та т.б)

-өлі және тірі

-тас,су, аспан және т.б.

-ағаш,аңдар,құстар және т.б.

-Жер-Ана

-фасоль, тас, су, мақта

-өседі,көбейеді,өледі,қоректенеді

-тірі табағатұа жатады

-балалардың жауабы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Табиғат-Ананың тапсырмасын орындайды;

Білу керек: Табиғат түрлерін және оларды ажырата алуды;

Білді: Тірі және өлі табиғаттың айырмашылығын.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.